

«R-Finance» МҚҰ» ЖШС-ның  
2024 жылғы «17» ж. 09  
№ 67-02 бұйрығымен  
БЕКІТІЛГЕН



**«R-Finance» Микроқаржылық ұйымы»  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің  
СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САЯСАТЫ**

Астана, 2024

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы «R-Finance» МҚҰ» ЖШС-нің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты (бұдан әрі – Саясат) «R-Finance» МҚҰ» ЖШС-де (бұдан әрі – Компания) сыбайлас жемқорлыққа және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне қарсы іс-қимыл, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының нормаларын сақтау мәселелері бойынша негізгі қағидаттар мен талаптарды белгілейді.

2. Компания нөлдік төзімділік қағидатын ұстанады, бұл Компания қызметін жүзеге асыру кезінде кез келген нысанда және көріністе сыбайлас жемқорлықты қабылдамауды білдіреді.

3. Саясаттың мақсаттары:

1) Компания мен Компания қызметкерлерінің жоғары әдеп және кәсіби стандарттарға, бизнесті ашық және адал жүргізу қағидаттарына адалдығын көрсету, Компанияның жоғары іскерлік беделін сақтау.

2) Компанияның және/немесе Компания қызметкерлерінің атынан да, оларға қатысты да сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністерін анықтау және алдын алу.

3) Компания өз қызметін жүзеге асырған кезде Компания қызметінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына және халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы практикаларға сәйкестігін қамтамасыз ету болып табылады.

4. Саясат Компанияның барлық қызметкерлеріне, олар атқаратын лауазымына және олардың лауазымдық міндеттерін орындау немесе Компанияның мүдделерін білдіру шеңберінде Компаниядағы жұмыс мерзіміне қарамастан қолданылады.

5. Компания өз контрагенттерінің Саясатта көрсетілген қағидаттар мен талаптарды ұстануға деген ұмтылысын құптайды.

Саясаттың қағидаттары мен талаптары тиісті міндеттер олармен жасалған шарттарда бекітілген не Қазақстан Республикасының қолданыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасынан тікелей туындайтын жағдайларда Компанияның контрагенттеріне, оның ішінде өнім берушілерге, агенттерге, консультанттарға, өкілдерге және өзге де тұлғаларға қолданылады.

6. Саясат Компанияның мүдделі тараптарын Компанияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл тәсілдері туралы хабардар ету үшін Компанияның корпоративтік сайтында орналастырылған жария құжат болып табылады.

7. Саясаттың иесі - Компанияның Комплаенс бақылаушысы.

## 2. Негізгі терминдер

8. Саясат шеңберінде келесі терминдер мыналарды білдіреді:

1) **Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы** – «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілер.

2) **Мүдделі тараптар** – Компанияның клиенттерін, акционерлерін, инвесторларын, қызметкерлерін, контрагенттерін қоса алғанда, мүдделері

Компанияның қызметіне әсер ететін не мүдделеріне Компанияның қызметі әсер ететін мемлекеттік органдар мен жұртшылықты қоса алғанда, заңды және жеке тұлғалар.

3) **Контрагент** – Компания қандай да бір шарттық қатынастарға түсетін кез келген заңды тұлға немесе еңбек қатынастарын қоспағанда, Компания қандай да бір шарттық қатынастарға түсетін кез келген жеке тұлға.

4) **Мүдделер қақтығысы** – қызметкерлердің жеке мүдделері мен олардың лауазымдық міндеттері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда қызметкерлердің жеке мүдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін орындамауына немесе тиісінше орындамауына әкелуі мүмкін және Компанияның қызметі бойынша шешімдердің объективті қабылдануына әсер етуі мүмкін.

5) **Сыбайлас жемқорлық** – қызметкерлердің өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу.

6) **Сыбайлас жемқорлық тәуекелі** – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі.

7) **Қызметкер** – ЖШС-мен еңбек қатынастарында тұратын және еңбек шарты бойынша жұмысты тікелей орындайтын жеке тұлға.

8) **Компания** – «R-Finance» МҚҰ» ЖШС.

### **3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қағидағтары**

9. Компаниядағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл:

1) Компания қызметінің Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және жалпы қабылданған нормаларға сәйкестігі қағидатына;

2) тиісті сақтық қағидатына;

3) жауапкершілік және жазаның бұлтартпастығы қағидатына;

4) Компания қызметкерлерін тарту қағидатына;

5) тұрақты бақылау және тұрақты мониторинг қағидатына;

6) Компанияның мүдделі тараптарын, оның ішінде клиенттерді, қызметкерлерді, контрагенттерді, жұртшылықты Компанияда қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар туралы ашықтық және хабардар ету қағидатына негізделеді.

### **4. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері**

10. Саясатқа сәйкес:

1) кез келген қаржылық, мүліктік және/немесе басқа пайда/артықшылық беру немесе беруге уәде беру, соның ішінде осындай пайда/артықшылық беретін

тұлғаның немесе онымен байланысты тұлғаның пайдасына шешім қабылдауға итермелеу мақсатында пара беруді ұсыну, уәде беру немесе жүзеге асыру;

2) қаржылық, мүліктік және/немесе басқа пайда/артықшылық алу, алуға келісу, осындай пайда/артықшылық беретін тұлғаның немесе онымен байланысты тұлғаның пайдасына шешім қабылдауға итермелеу мақсатында оны беруді талап ету немесе өтіну;

3) қаржылық, мүліктік немесе өзге де пайда/артықшылық алу мақсатында Компанияның заңды мүдделеріне қайшы келе отырып алаяқтық жасау, өзінің лауазымдық жағдайын заңсыз пайдалану;

4) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қолданыстағы заңнамасын бұзатын кез келген өзге де әрекеттер сыбайлас жемқорлық әрекеттері болып танылады.

11. Саясатқа сәйкес Саясаттың 10-тармағында көрсетілген әрекеттер:

1) тікелей немесе жанама түрде;

2) жеке немесе үшінші тұлғалардың делдалдығы арқылы;

3) ақша қаражатын, құндылықтарды, өзге де мүлікті және/немесе көрсетілетін қызметтерді, өзге де мүліктік және/немесе мүліктік емес құқықтарды алуды/беруді қоса алғанда, кез келген нысанда жасалған кезде сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттері ретінде сараланатын болады.

12. Компанияға және Компания қызметкерлеріне:

1) тікелей немесе делдал арқылы ақша қаражатын, бағалы қағаздарды, өзге де мүлікті (сыйлықтарды, шығыстарды өтеуді, жеңілдіктерді, ойын-сауықтарды, кез келген қаржылық немесе өзге де пайданы немесе артықшылықты қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей) беруді ұсынуға, уәде беруге, мақұлдауға немесе жүзеге асыруға, не мүліктік сипаттағы қызметтерді заңсыз көрсетуге, кез келген мемлекеттік қызметшіге немесе қоғамдық/коммерциялық ұйымның өкіліне оның әрекеттеріне ықпал ету (әрекетсіздікті қамтамасыз ету) және/немесе тиісінше артықшылық алу мақсатында мүліктік құқықтар беруге;

2) тікелей немесе делдал арқылы ақша, бағалы қағаздар, өзге мүлік, мүліктік сипаттағы қызметтер көрсету, өзге мүліктік құқықтар немесе кез келген өзге құндылықтар беру, сондай-ақ кез келген қаржылық немесе өзге де пайда немесе артықшылық түріндегі кез келген төлемдерді, егер мұндай төлемдерді, пайда немесе артықшылықтарды алудың шарты іс-әрекеттер жасау болып табылса, берушінің мүддесі үшін лауазымдық міндеттерді орындау, сондай-ақ егер осы төлемдер, пайдалар немесе артықшылықтар осындай міндеттерді орындағаны үшін тікелей немесе жанама сыйақы болып табылса, оларды талап етуге, алуға келісім беруге немесе алуға;

3) паракорлыққа немесе коммерциялық пара беруге делдалдықты жүзеге асыруға, яғни пара берушінің немесе пара алушының тапсырмасы бойынша параны тікелей беруге не пара алу және беру немесе коммерциялық пара беру туралы келісімге қол жеткізуге не олардың арасындағы келісімді іске асыруға өзге де жолмен жәрдемдесуге;

4) қаржылық не өзге де пайда/артықшылықтар алу мақсатында Компанияның заңды мүдделеріне қайшы келе отырып өзінің лауазымдық жағдайын басқаша жолмен заңсыз пайдалануға тыйым салынады.

13. Компания Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының нормаларына қайшы келетін немесе Компанияның іскерлік беделіне, сондай-ақ лауазымдық міндеттерін орындау кезінде оның қызметкерлерінің іскерлік беделіне қауіп төндіретін қандай да бір төлемдерді немесе әрекеттерді жүзеге асыру үшін агенттерді, консультанттарды немесе өзге де үшінші тұлғаларды тартпайды.

14. Компания қызметкерлері Компанияның басқа қызметкерлері немесе кез келген басқа тұлғалар ұсынатын кез келген түрдегі заңсыз көтермелеуден күмәндануға, түсініспеушілікке және мұндай бас тартуды екіұшты түсіндіруге жол бермей, нақты және анық түрде бас тартуға міндетті.

15. Мұндай заңсыз көтермелеуді кез келген нысанда ұсынуды немесе ұсыну әрекетін Компания қызметкері Комплаенс бақылаушының назарына дереу жеткізуі тиіс.

16. Компания қызметкерлері өздерінің лауазымдық міндеттерін орындау кезінде:

1) мүдделер қақтығысының туындауына алып келетін жағдайларға жол бермеуге, ал өздерінің лауазымдық міндеттері шеңберінде шешімдер қабылдау кезінде тек Компанияның мүдделерін басшылыққа алуға;

2) қызметтік жағдайды, сондай-ақ өздері қол жеткізе алатын ақпаратты жеке мүддесі үшін немесе байланысты тұлғалардың мүддесі үшін пайдаланбауға;

3) нақты немесе ықтимал мүдделер қақтығысына, оның ішінде жұмысқа қабылдау кезінде, жаңа лауазымға тағайындау кезінде әкелуі мүмкін жеке мән-жайлар туралы ақпаратты уақтылы ашуға міндетті.

17. Компания қызметкерлері өздерінің лауазымдық міндеттерін жүзеге асыру кезінде мүдделер қақтығысының болуы немесе туындауы туралы өз құрылымдық бөлімшелерінің басшысын хабардар етуге міндетті.

18. Компания қызметкерлері тарапы өздері немесе олардың тікелей бағыныштысы болып табылатын мүдделер қақтығысын болғызбау немесе реттеу жөнінде шаралар қолданбаған, мүдделер қақтығысының туындағаны (туындау мүмкіндігі) туралы хабардар ету жөніндегі міндеттерді орындамаған жағдайда, Компанияның осы қызметкерлеріне тәртіптік жаза шаралары қолданылуы мүмкін.

## **5. Іскерлік сыйлықтар және іскерлік қонақжайлылық белгілері**

19. Компания қызметкерлері ресми шаралар өткізу кезіндегі мезіреттік ілтипат көрсету белгілері мен мезіреттік кәдесыйларды қоспағанда, Компаниядан қандай да бір шешім қабылдауды күтетін жеке және заңды тұлғалардан бағалы сыйлықтарды тікелей немесе жанама алуға жол бермеуі тиіс.

20. Компания қызметкерлері нәтижесінде осы тұлға сыйға тартушы мен мүдделі тұлғаның пайдасына тиісті шешім қабылдауға әсер етуі мүмкін бағалы сыйлықтарды тікелей немесе жанама алуға жол бермеуі тиіс.

21. Ресми шаралар өткізу кезіндегі мезіреттік ілтипат көрсету белгілері мен мезіреттік кәдесыйларды қоспағанда, бағалы сыйлықтар алған жағдайда Компания қызметкерлері Комплаенс бақылаушыны осы факт туралы хабардар етуі керек.

22. Ресми шаралар өткізу кезіндегі мезіреттік ілтипат көрсету белгілері мен мезіреттік кәдесыйларды қоспағанда, бағалы сыйлықтар алуды жасырған жағдайда ЖШС қызметкерлері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

23. Компанияның және/немесе Компания қызметкерлерінің атынан үшінші тұлғаларға қолма-қол немесе қолма-қол ақшасыз нысанда (валютаға қарамастан) ақша қаражаты, бағалы қағаздар, бағалы металдар, асыл тастар, сондай-ақ пайда мен қызметтер, соның ішінде ойын-сауық, көлік шығыстары, несиелер төлеу, жеңілдіктер, мүлікті пайдалануға беру және басқа да артықшылықтар түріндегі сыйлықтарға жол берілмейді.

24. Компанияның кәдесый сыйлықтарын мемлекеттік органдардың өкілдеріне, Компанияның клиенттері мен контрагенттеріне беруге рұқсат етіледі.

## **6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы және Саясатты сақтау**

25. Компания қызметкерлері атқаратын лауазымына және Компаниядағы жұмыс мерзіміне қарамастан, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының және Саясаттың талаптарын, кәсіптік әдеп қағидаттарын және бизнесті іскерлік жүргізудің әдеп нормаларын мүлтіксіз сақтауға міндетті.

26. Компания қызметкерлері Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы мен Саясаттың сақталуына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы мен Саясаттың қағидаттары мен талаптарын бұзатын әрекеттер (әрекетсіздік) үшін жеке жауаптылықта болады.

27. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын және Саясатты бұзуды Компания өз қызметкерлеріне тәртіптік жауапкершілік шараларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын (әкімшілік, қылмыстық және өзге де жауаптылықты) бұзғаны үшін Компанияның, құқық қорғау органдарының немесе өзге де адамдардың бастамасы бойынша Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасында және Компанияның ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен және негіздер бойынша жауапкершілік шараларын қолдануға әкеп соғуы мүмкін елеулі теріс қылық ретінде қарастырады.

28. Компанияның мүдделеріне қарсы бағытталған іс-әрекеттерді (әрекетсіздіктерді) жасағаны үшін жауапкершілік олардың жасалу мерзімінің ескіру мерзіміне қарамастан, сондай-ақ көрсетілген іс-әрекеттер (әрекетсіздіктер)

олардың орындалуы үшін материалдық және/немесе материалдық емес көтермелеудің болуымен алдын ала келісілгеніне қарамастан туындайды.

29. Компанияның әрбір қызметкері Саясатпен танысуға және қол қойылған түрде Компанияның Персонал жөніндегі директорына ұсынылатын Саясатқа 1-қосымшада белгіленген нысанға сәйкес Саясатты адал сақтау міндеттемесін жазбаша растауға міндетті.

30. Сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттеріне қатысудан бас тарту нәтижесінде Компания коммерциялық немесе бәсекелестік артықшылықтарды жіберіп алса да немесе тек қана Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын немесе Саясатты бұза отырып болдырмауға болатын залалдарға ұшыраса да, Компания мұндай іс-әрекеттерден бас тартқан Компания қызметкерлерінің жауапкершілікке тартылмайтынына кепілдік береді.

31. Өз әрекеттерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының нормаларына немесе Саясаттың қағидаттары мен талаптарына сәйкес келуіне күмәнданатын Компания қызметкерлері Компанияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталуын бақылауға жауапты тұлғаға консультация алу үшін жүгінуге құқылы.

32. Компанияның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары өздеріне тікелей бағынатын қызметкерлердің Саясат қағидаттары мен талаптарын сақтауын қамтамасыз етеді, сондай-ақ Комплаенс бақылаушыға сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туралы ақпарат береді.

33. Компания қызметкерлері өздерінің қызмет бағыттарына тән сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сәйкестендіруге және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша Комплаенс бақылаушымен өзара іс-қимыл жасауға міндетті.

34. Компания Компаниядағы басшы лауазымдарға сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы немесе тартылғаны белгілі адамдарды тағайындауға жол бермеу үшін ақылға қонымды шамада күш салады.

## **7. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабардар ету**

35. Компания қызметкерінде Компанияда сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық, мүдделер қақтығысы орын алды немесе Компания өз клиенттеріне ұсынатын қызметтер сыбайлас жемқорлық мақсатында пайдалану үшін қолданылатынына немесе қолданылуы болжанатынына дәлел немесе негізделген күдік болған жағдайда, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайы туралы белгілі болған немесе оған күдік туындаған бойда келесі жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде бұл туралы тиісті бұзушылықтарды сипаттайтын ақпаратты қоса бере отырып, мыналарға хабарлау қажет:

- 1) Компанияның Комплаенс бақылаушысына;
- 2) басшыға қатысты тиісті күдік туындаған жағдайларды қоспағанда, өзінің тікелей басшысына.

36. Компания өз қызметкерлері болып табылмайтын Компанияның мүдделі тараптарының Компанияға және оның мүдделі тараптармен қарым-қатынасына қатысты сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық немесе мүдделер қақтығысы туралы айғақтар немесе негізделген күдік туралы хабарлауға ұмтылысын құптайды.

Толық ақпарат Компанияның Жедел желісіне жіберілуі мүмкін: электрондық пошта [ethics@r-finance.kz](mailto:ethics@r-finance.kz).

37. Компания келіп түскен барлық хабарламалардың құпия қаралуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ бұзушылықтар туралы ақпаратты немесе негізделген күдіктерді адал берген тұлғаларға осындай хабарламамен байланысты кез келген жағымсыз салдарлардан қорғауға кепілдік береді. Саясатта көзделген қорғау шаралары ақпаратты жосықсыз немесе пайдакүнемдік мақсаттарда, оның ішінде көрінеу жалған ақпаратты жіберген Компания қызметкерлеріне қолданылмайды.

38. Қазақстан Республикасының заңнамасында және Компанияның ішкі құжаттарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Компания осы Саясатты бұзу немесе ықтимал бұзу фактісі туралы ақпарат жіберген Компания қызметкерінің жеке басы Компания қызметкерінің келісімінсіз басқа тұлғаларға, оның ішінде өздеріне қатысты тиісті ақпарат берілген Компания қызметкерлеріне жария етуге жатпайтындығына кепілдік береді.

39. Компанияның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары Компания қызметкерлеріне Компанияға сыбайлас жемқорлық әрекеттерін жасау туралы айғақтар мен негізделген күдіктер туралы ақпаратты беру құқығына кедергі келтіргені үшін, сондай-ақ Компания қызметкерлеріне олар ұсынған мәлімдемелерге байланысты тәртіптік және басқа да ықпал ету шараларын қолданғаны үшін жауапты болады.

40. Сыбайлас жемқорлық іс-әрекетінің әрбір ақылға қонымды негізделген күдігі немесе белгіленген фактісі бойынша Компания Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен жол берілетін шеңберде Қазақстан Республикасы заңнамасының және Компанияның ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес қызметтік тергеп-тексеруге бастамашылық жасайды.

41. Қызметтік тергеп-тексеру нәтижесінде сыбайлас жемқорлық фактісі анықталған жағдайда, сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне нөлдік төзімділік қағидаты негізінде еңбек қатынастарын бұзуға және материалдарды тиісті уәкілетті мемлекеттік органдарға беруге дейін түзету шараларын қабылдау тергеп-тексерудің аяқталуы болып есептеледі.

42. Компания Компанияға белгілі болған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы құқық қорғау органдарына хабарлау, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық қылмыстардың жолын кесу немесе тергеу жөніндегі іс-шараларды жүргізу кезінде құқық қорғау органдарының уәкілетті өкілдеріне жәрдемдесу міндеттемесін қабылдайды.



43. Компания қызметкерлері Саясаттың бұзушылықтарын қарауға жәрдемдесуге, оның ішінде бұзушылықтар үшін негіз болған мән-жайларды тексеру үшін қажетті құжаттарды ұсынуға міндетті.

## **8. Қорытынды ережелер**

44. Саясат, сондай-ақ оған барлық толықтырулар мен өзгерістер Компанияның бас директорының шешімімен бекітіледі, өзгертіледі, күші жойылды деп танылады.

45. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасында елеулі өзгерістер қабылданған жағдайда, Саясат қажеттілігіне қарай қайта қаралады.

46. Саясаттың орындалуын жалпы бақылауды Компанияның Комплаенс бақылаушысы жүзеге асырады.

47. Саясатта көрініс таппаған барлық мәселелер бойынша Компания Қазақстан Республикасының заңнамасын, сондай-ақ Компанияның өзге де ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

48. Егер Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерін өзгерту нәтижесінде Саясаттың жекелеген ережелері оларға қайшы келсе, Саясатқа өзгерістер енгізілген сәтке дейін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алған жөн.

---

*«R-Finance» МҚҰ» ЖШС-ның  
Сыбайлас жемқорлыққа  
қарсы саясатына  
I-қосымша*

**«R-Finance» МҚҰ» ЖШС-ның  
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын сақтау бойынша міндеттеме**

Мен «R-Finance» МҚҰ» ЖШС-нің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын мұқият зерделегенімді растаймын.

Мен «R-Finance» МҚҰ» ЖШС-нің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының ережелері мен талаптарын адал сақтауға міндеттенемін.

Мен «R-Finance» МҚҰ» ЖШС-нің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасын бұзған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында және «R-Finance» МҚҰ» ЖШС-нің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен тәртіптік, әкімшілік және өзге де жауаптылыққа тартыла алатыным туралы хабардар етілдім.

---

*«R-Finance» МҚҰ» ЖШС қызметкерінің аты-жөні*

---

*«R-Finance» МҚҰ» ЖШС қызметкерінің лауазымы*

---

*«R-Finance» МҚҰ» ЖШС қызметкерінің қолы*

---

*Қол қойылған күні (күні, айы, жылы)*